

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық серия**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

**№2 (2024)**

**Павлодар**

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/SKTF9148>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/NXZZ4779>

**\*Қ. Т. Жанұзақова<sup>1</sup>, М. Қ. Ахетов<sup>2</sup>, Ж. Байбатшаева<sup>1</sup>**

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.;

<sup>2</sup>М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

\*e-mail: [kuralay\\_zhanuzak@mail.ru](mailto:kuralay_zhanuzak@mail.ru)

## **ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ШЕШЕНДІК СӨЗ ҮЛГІЛЕРІ**

*Шешендік сөз үлгілері фольклор жанры болуымен қатар ХХ ғасыр қазақ прозасында жазушының көркемдік мақсаттарына сай сәтті қолданылып келді. Мақалада шешендік сөздердің әдебиеттегі алуан сипаттары мен көркемдік қызметі, әсіресе шешендік сөздердің тарихи романдардағы қолданылу көріністері талданады. Мақалада шешендік сөздердің қолданылу ерекшеліктері оның табиғатынан, ұлттық ерекшелігінен туындайтыны тұжырымдалады. Ж.Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы», Ф. Мүсіреповтің «Ұлпан», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», С. Сматаевтың «Елім-ай», Ж. Ахмади «Құн» т.б. шығармаларындағы шешендік сөз шыырлары қарастырылады.*

*Сонымен бірге жазушылар әдеби туындларында би-шешендер мұраларын, олардан қалған қанатты сөздерді, сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді дайын форма күйінде өзгеріссіз қолданатыны да пайымдалады. Қазақ қаламгерлерінің көпшілігінің шығармаларында ұшырасатын мұндай дайын үлгілерді түрлі көркемдік, тарихи, шығармашылық талаптардың үдесінен шығу мақсатында пайдаланады. Тарихи романдарда халық санасына мықтап орныққан, ел аузындағы деректер арқылы көпшілікке кеңінен таныс айтулы қайраткерлердің, хандардың, батырлардың, абыз-ақсақалдардың, би-шешендердің бейнелерін қайта жаңғырту үрдісі жиі ұшырасады. Сол үшін халық жадындағы сюжеттерді, тұлғалармен байланысты оқиға желілерін, тарихи деректерді қаламгерлер жаңа шығарма аясында, соның көркемдік талаптарына сай игереді. Мақалада қаламгерлердің шешендік сөздердің айтылу мақамын, өлием бірліктерін, сөз ырағын, ой ағысын шынайы беру үшін кейіпкерлердің нақышына келтіре сөйлеу, ауызекі сөйлеу дәстүрінің ерекшелігін бейнелеу мақсатында саналы түрде қолданатыны тұжырымдалады.*

*Кілтті сөздер: шешендік сөздер, тарихи романдар, ауызекі сөйлеу дәстүрі, би-шешендер, ырақ.*

### **Кіріспе**

Қазіргі таңда шешендік сөздер жазба әдебиетімен де тығыз байланысты. Әдебиет пен шешендік өнердің арақатынасын сөз еткенде жазба әдебиетке ауызекі сөйлеу дәстүрінің әсері, сондай-ақ, кемеліне келген әдебиеттің де сөйлеу практикасына ықпалы жөнінде айтылуы қажет. Бұл бірін-бірі толықтырып, тарихи дамуға, қоғамдағы өзгерістерге сәйкес бірінен екіншісі туындап жататын, жекелеген тұста тұтасып та кететін шығармашылық үдерістердің нәтижелері. «Әдебиет пен риторика шекарасын анықтау өте қиын» [1, 30-б.]. Ойды сөз арқылы сипаттап, болмысты тілмен суреттеу нәтижесінде үлгілі мәтін түзу, көркем шығарма тудыру – екеуіне де ортақ құбылыс. Жазба әдебиеттің алғашқы нұсқаларына халықтың санғасырлық дәстүрлі ауызша сөйлеу мақамы, сөз саптау машығы, халыққа бұрыннан етене сөзбен бейнелеу үрдісі ерекше әсер етті десек, кейін классикалық жазба әдебиеті қалыптаса келе тілі көркем, идеялары терең әлемдік деңгейдегі романдар мен драмалық, поэзиялық шығармалар адамдардың ауызекі сөйлеу дәстүріне, қоғамның абстрактылы ойлау әлеуетіне айрықша ықпал ете бастады. Әдеби шығармаларға шешендердің сөздері тұтастай еніп, оның бір бөлшегіне айналса, кейін талантты қаламгерлердің өлең-жырлары ауызекі сөздің риторикалық мәтіндеріне еніп жатты. Заманынан озып туған талантты әдебиет өкілдері тудырған мәдени-рухани құндылықтар халық арасына кеңінен тарап, қоғамдық ой-сананың күрделенуіне, сөйлеу мәдениетінің жетілуіне әсерін тигізді.

### **Материалдар мен әдістер**

Фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы, бір-біріне әсер-ықпалы ғалымдар назарын ертеден-ақ аударып келе жатқан өте қызықты тақырып. Себебі, халықтың тілі мен ұлттық менталитеті аясында жасалатын авторлық шығармашылықты түсіну барысында бұл екеуінің арасындағы «үндестік байланысты» айналып өту мүмкін емес [2, 236-б.]. Осы орайда, М. Әуезов, Ж. Аймауытов, Ғ. Мүсірепов, І. Есенберлин, С. Сматаев т.б. қаламгерлер туындыларында ұшырасып жататын фольклорлық сюжеттер мен тұтастай аңыздық желілерді автордың «бұрынғыдан басқаша, өзінің деңгейіне сай қорыта пайдалануы» деп түсінген орынды болмақ.

Мақалада талдау жүргізу бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың риторикаға қатысты ғылыми еңбектері негізге алынды. Осы бағытта мақалада жеке мәтіндік саралаулар жүргізу үшін тілдік-танымдық, мәдени-тарихи, әдеби герменевтикалық зерттеу әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Шешендік сөздер көркем әдебиетте негізінен проза мен драмалық шығармаларда қолданылады [3, 230-б.]. Оқиға желісіне орай тарихи шындықты қалпына келтіру, өткен дәуір бейнесін үйлесімді суреттеу, тарихи тұлғалардың шынайы образын сомдау секілді көркем шығармашылықтың логикалық талаптарын ескеру, соларды орындау мақсатында пайдаланылады. Тарихи роман жазу барысында жазушы сомдайтын көркем образ өмірде болған, есімдері мен еңбегі елдің жадында сақталып келген жандардың өмірдегі бейнелерінен алшақ кете алмайды. Осындай көркемдік, тарихи талаптарға орай автор кейіпкерлерінің табиғатына лайық, солар айтуы мүмкін сөздерді ғана оның аузына салуға мәжбүр. Кейде ел аузында сақталған шешендік сөз үлгілерінің өзі де сол қалпында көркем туындыға өзгеріссіз енуі мүмкін, онда да аса бір шығармашылық қажеттіліктен ғана солай жүзеге асады. Ал поэзиялық шығармалардан тек көлемді дастандар мен поэмаларда авторлық «меннен» туындайтын көркемдік қажеттіліктен шешендік сөздер ішінара қолданылуы мүмкін. Онда да «пәленшенің сөзі» деген мағыналық сұлбасы ғана болмаса, мұндай сөздер өлең өлшеміне түскен ақынның төл туындысы болып келеді.

Сан-салалы, көлемді әдеби көркем шығармаларда би-шешендер мұраларын, фольклорлық шешендік сөздерді игеруде бірнеше бағыт айқын аңғарылады. Қазақ әдебиетінің ерекше дамыған, қайталанбайтын күрделі һәм көркем роман, повесть, әңгіме, драмалар өмірге келген XX ғасыр әдеби шығармаларындағы риторикалық қолданыстарды сұрыптау, олардағы ауызекі сөйлеу дәстүрінің көріністерін толық қамту, ерекшеліктерін көрсету әзірге жүзеге аса қойған жоқ. Дей тұрғанмен, шешендік дәстүрдің әдебиеттегі көріністерін, оларды қаламгерлердің қолдануына себеп болатын жағдайларды былайша жүйелеуге болады:

1) қаламгерлер шешендік сөздердің ұлттық ерекшеліктен туындайтын айтылу мақамын, сөз ырғағын авторлық шығармада саналы түрде пайдаланады. Ой ағынын шынайы беру үшін нәшіне келтіре сөйлеу, жоғары-төмен алмасып отыратын дауыс ырғағының желісін үзбеу, ауызекі сөйлеу дәстүрінің ерекшелігін, орфоэпиялық заңдылықтарды сақтауда шешендік дәстүр қолданылады.

2) жазушылар авторлық әдеби туындаларында би-шешендер мұраларын, олардан қалған қанатты сөздерді, сөз тіркестерін, мақал-мәтелдерді дайын форма күйінде өзгеріссіз қолданады. Қазақ қаламгерлері мұндай дайын үлгілерді түрлі көркемдік, тарихи, шығармашылық талаптардың үдесінен шығу мақсатында пайдаланады.

3) тарихи романдарда немесе аңыз желілері бойынша жазылған көркем шығармаларда халық санасына мықтап орныққан, ел аузындағы деректер

арқылы көпшілікке кеңінен таныс айтулы қайраткерлердің, хан-батырлардың, абыз-ақсақалдардың, би-шешендердің бейнелерін қайта жаңғырту үрдісі жиі ұшырасады. Халық жадындағы сюжеттерді, тұлғалармен байланысты оқиға желілерін, тарихи деректерді қаламгерлер жаңа шығарма аясында, соның көркемдік талаптарына сай игереді. Тарихи кейіпкерлерді шығармаға енгізуде қаламгер оның өмірдегі шынайы болмысынан, табиғатынан, елдің санасында орныққан бейнесінен алысқа ұзай алмайды. Тұлғаны сомдау барысында автор кейіпкерлердің аузына бидің билігін, шешеннің ділмарлығын, батырдың жаужүрек ерлігін көрсететін сөздерді салуға, тарихи оқиға желілерін сенімді етіп суреттеуге, пайдалануға міндетті. Тарихи шығармалардың қадір-қасиеті мен көркемдік құндылығы да оның болмысты шынайы бейнелей алуымен өлшеніп жатады.

Қазақ прозасының алғашқы туындыларына фольклордың ықпал-әсері ерекше болды және ол бірнеше сипаттарда көрінді. Ауызша сөйлеу дәстүрі өзгеріссіз берік сақталып келген, фольклоры мен ауыз әдебиеті қауым тіршілігімен біте қайнасып жатқан ортада туып-өскен алғашқы жазушылардың шығармаларынан мұндай құбылыстың орын алуы заңды да еді. Бұл үдеріс фольклор мен әдебиеттің арасындағы «генетикалық байланыстың» жарқын дәлелі, айқын көрінісі болатын. Жазба әдебиеті әлі қалыптасып болмаған, оқудан гөрі тыңдауға, естігенін заматында ұғып алуға бейім ортаның рухани қажеттілігі жазушылардан бұған дейінгі дағдылы шығармаларға ұқсастықты, тыңдаушылардың талғамы мен талабына сай болуды қажет етті. Алғашқы прозалық туындыларда фольклорлық баяндау тәсілі, халық ауыз әдебиетіндегі тілдік қолданыстар мен ауызекі әңгімеге тән бояулар айшығы, дыбыстардың үйлесімді ырғағы аңғарылып отырады. Фольклорға сусындап өскен, сонымен қатар Батыс Еуропа және орыс әдебиетімен танысқан алғашқы қаламгерлер жаңа тұрпатты әдеби туындылар жасауға ден қойды. Олардың шығармаларында шешендік сөздерге тән ақ өлеңдік ритм-ырғақтар, тіпті прозалық шығармалардың өзінде поэзиялық ұйқастарға ұқсас әуезді иірімдер жиі ұшырасып отырды. Қазақ прозасы мен драматургиясының бастауында тұрған Ш. Құдайбердіұлы, Ж. Аймауытов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, С. Көбеев, М. Жұмабаев, М. Әуезов туындыларынан халықтың дәстүрлі сөйлеу мақамын, ауызекі стильді жазбай тануға болады.

Шешендік сөздерді өзге сөздерден ерекшелендіретін басты белгілерінің бірі – сөздердің өзіне тән белгілі бір жүйелі ырғаққа, ритмге құрылуы. Енді осы құбылыс алғашқы қазақ прозашыларының туындыларында айрықша байқалады. Көшпелі тыныс-тіршіліктен, сол дәуірлерде жасалған мәдени-рухани құндылықтардан әлі ажырай қоймаған ортада ауызша баяндау әдісінің көркем әдеби шығармада көрініс табуы заңды еді. Ол да

қажеттіліктен, оқырманның талабынан туындаған болатын. Бұл бір жағынан, жаңа әдеби үрдіске ден қойған алғашқы қаламгерлердің оқырман қалауын ескергендігінен десек, екіншіден, авторлардың дүниетанымы, көркем мәтінді, бейнелеу тәсілдерін игеруі, жазушы ретінде қалыптасуы да сол фольклорлық ортада, ауыз әдебиеті дәстүрінің үстем жағдайында жүзеге асқан еді.

Көне мақамға салып құйылып тұрған сұлу тілмен өзгерген заман бейнесін сомдаған, ежелгі шешендік дәстүрде жаңаша жазылған қазақтың алғашқы прозалық туындылардың бірі – Ж. Аймауытовтың «Күнікейдің жазығы» романы деуге толық қақымыз бар. Ескі мен жаңаның, өткен мен болашақтың арбасуындай осы бір ғажап туынды сол тұстағы қазақ көркемдік ойлау үдерісінің мүмкіндіктерін, өз заманының ерекшеліктерін молынан танытқан классикалық роман еді. «Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шым қорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ етген, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма еріні кезеріп Бетпақ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-саптақ жастығы, жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып – бұ жатқаның қай әйел?

Білмесеңіз айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан» [4, 6-6.], – деп термелі шешен сөздей басталатын романның өн бойынан осынау ауызекі баяндау стилі, ұйқас пен сөздердің дыбыстық үйлесімі айқын көрініп, шығарманың өн бойында сақталып отырады. Төгіліп тұрған сұлу тілмен баяндалатын туынды оқу үшін емес, тыңдау үшін жазылғандай әсер қалдырады. Мұндай поэзияға бергісіз ұйқастың романның қандай да бір сюжеттік, тақырыптық немесе композициялық қажеттілігінен емес, автордың өз қалауынан, яғни, осылайша баяндау өзіне қолайлы болғандығынан туындап отырған жағдай деуге келеді. Шығарма ішіндегі оқиға желісіне орай немесе кейіпкерлер аузына еріксіз салынатындай аса бір қажеттіліктерден емес, шешендік сөз үлгілерінің өлшемдері Ж. Аймауытов романдарында авторлық баяндауда да үнемі алмасып келіп отырады. Яғни автордың өзі осындай ырғақты баяндауды, ұйқасты сөз саптауды өзіне қолайлы тәсіл деп тапқан. Дәл осындай тосын құбылысты «Ақбілек» романынан да байқадық: «Әлгі Алтайдың аруларын айтуға тіл жетпейді. Жүзі айтарлық айнадай боп, көзі құралайындай боп, күлкісі атқан таңындай боп, бойы құба талындай боп, былқ-сылқ етіп бұрандасып, күбірлесіп, көлеңдесіп, езу тартса – есің кетіп, сұңқыл қақса -шым-шым етіп, бойың босап, ойың босап, қиялың қия кезеді. Кеп онда емес-ау, жарандар! Бар, қарандар, құлағың сал! Тыңдаушылар анталаса, кеп құрайын бір тамаша [4, 72-6.]. Қара сөз деуге келместей метрикалық

өлшем, дыбыстардың қатаң үйлесімі, құйылып түсіп отыратын көркем де жүйрік тіл. Атап өткеніміздей, мұның бәрі де қандай да бір шығарманың ішкі композициялық, логикалық қажеттіліктерінен емес, жазушының өз табиғатынан, жазу стилінен туындап отырған авторлық ерекшелік демеске лаж жоқ. С. Жанпейісов бұл турасында: «Жазба әдебиетімізде 1920 жылдарға шейін негізінен өлеңдік шығармалардың ден болып келгені мәлім. Ежелден келе жатқан өте бай поэзия дәстүрінің әсерінен болу керек, 1920–1930 жылдардағы көркем проза тілінде өлеңдік түр, яғни ұйқасқа құрылған жекелеген үзінділер кейде жарыстырыла беріледі» [5, 196-б.] – деп дәл байқаған. Мұның өзі табиғаты шешен автордың шығармашылық төл қолтаңбасымен қатар тыңдарманның да сұранысын қанағаттандыруды жадынан шығармағаны деп түсіну керек. Осы тұста ескерілуі тиіс тағы бір мәселе, ол алғашқы оқырман-тыңдаушылардың авторға қояр талабы дер едік. Батыстың, орыстың классикалық прозасымен жете таныс қаламгердің осы шығарманы жазу барысында дәл осындай тәсілге жүгінуінің астарында өзінің жазу мәнерімен қабат, оқырмандар қалауын ескеруі де жағым деп түсіну қажет. «Ақынға қара сөзден өлең оңай» деп білген, жаңа сипаттағы әдеби дәстүрге әлі қанықпаған ол кезеңдегі қазақ оқырманы үшін сөздердің сыртқы сұлулығы, құйылған әсем үйлесімі өте маңызды болатын. Тақпақтаған шешендердің, тереңнен толғаған жыраулар мен халық ақындарының сұлу сөз, сырлы мақамдары әлі де халықтың жадында, қолданысында еді. Мысалы, «Ақбілек» романының негізгі желісіне кіріспес бұрын Ж. Аймауытов шығарманы қара сөзбен баяндағалы отырғаны үшін оқырманнан кешірім сұрағандай да болады. «Ертегі емес, ертеде емес, ұзын да емес, келте де емес, қарапайым қара сөзбен бір әңгіме шертейін. Қысыр сөзді қысқартайын, әңгімеге жол тартайын. Өлең сөзге олақ едім, күйлі емес деп қомсынбаңдар» [4, 72-б.], – деп жазушы ағынан жарылады. Шығарманың «күйлі», ырғақты, сазды да сұлу болуы аса маңызды екенін, көптің қалауы сол екенін автор анық ескертеді және сол талапты жадынан шығармайды. Қалай дегенмен, романда ауызекі стильге тән сөз саптау мен ырғақ, сөйлеу мақамы сақталып қалған.

Барлық дәуірлердің сөз шеберлері – шешен, жырау, ақын-жазушылар халық шығармашылығының мұрагерлері, ұлттық тілдің үйренушілері әрі дамытушылары. Олар тілді білу, терең зерделеу, жоғары деңгейде меңгеру, түрлі тәжірибелер жасау арқылы төл шығармашылығын қалыптастырады, сол арқылы ұлттық әдебиетті дамытады. Тілдің өзін тұтас халық жасаған ортақ құндылық десек, қаламгерлер соның басты әрі қабілетті тұтынушылары һәм жаңғыртушылары. Жазушылықтың қыр-сырын терең меңгерген, жауапкершілігін жете сезінген Ғ. Мұстафиннің мына бір пікіріне назар аударалық: «Жазушы халық тіліне бай, сөз үлгілеріне қанық болуға тиіс. Соның өзінде ол шебер емес, жинаушы ғана. Шеберлік – сөздің орнын табуда,



мөлшерін білуде. Мұны білгеннің әр сөзі алтын. Жалғанда не терең? Сөз терең. Не сұлу? Сөз сұлу. Не өткір? Сөз өткір. Оның бұл қасиеттерін адам адам болғалы пайдаланып келеді. Әлі күнге ешкім шегіне жете алған жоқ. Демек, әр жазушы өз тұсында өзіндік сөз өнерін көрсетуіне әбден болады. Көрсете алмаса кінә өзінде. Жазушы халықтан, мамандардан үйрене отырып, үйрету мақсатын да ұмытпау керек. Мен өз тәжірибемде бұл егіз мақсатты естен шығарған емеспін... Халқымыздың мәйекті сөздері үлгі болмаса, мен бұл сөздерді он ойланып, қырық толғансам да шығара алмас едім» [6, 118-б.]. Осылайша, халықтың тілдік мұрасы мен жеке автор шығармашылығы бір-бірімен жымдасып, өзара сабақтасып, бірінен-бірі туындап жататын творчестволық үдеріс. Дәл осы тұста «мынау халық ауыз әдебиетінің мұрасы, мынау автордың өз туындысы» деп ажыратудың өзі қиынға түсері сөзсіз. Оны қаламгердің өзі де ашық айтып отыр.

Бүгінгі таңда әдебиетке, оның көркемдік дәрежесіне, қоғамдағы қызметіне түрлі көзқарастар бар, жаһандану жағдайында көркем шығарманы бағалаудың да принциптері өзгеріске ұшырауда. «Ендігі жерде көркем туындының ең басты қасиеті – идеяда, айтар ойында, қоғам мен технологияның дамуына байланысты күрделене түскен адамдар арасындағы шым-шытырық қарым-қатынастарды қысқа да нұсқа етіп көрсете білуінде» дегенге саятын ойлар айтыла бастады. Көркемдіктің критерийі қашанда әдеби шығармадағы тілдің сұлулығы, сезімдердің тұнықтығы, кейіпкерлердің табиғилығы, санқилы тағдыр иелерінің мінез-құлқын, адами қарым-қатынастарды шынайы әрі дәл беру мүмкіндігімен байланысты болмақ. Ж. Ахмади «Құн» атты әңгімесінде кейіпкерінің аузына мынадай сөз салады: «Уа, халайық, жарандарым!.. Батырың бол, биің бол, кеуде соғып болдым-толдым демейік... «Болдым» десең, қара жер түбіріңе жетеді. «Толдым» десең, кедейлік сіңіріңе жетеді. Дар құрсаң, бір бауырыңды жоқтаймын деп, тағы біреуінен айырыласың. Есімжан, сен қырыс кежірлікті тоқтатасың! Ата салтынан аттап, әліңнен асып айтқан кері билігіңе халық көнбейді. Аса берсең – асқанға аспан да аласа көрінеді. «Қатардан ассаң да, халықтан аспайсың» деген. Оған көнбесең – ақылға көнбегенге азап бар, ырыққа көнбегенге құрық бар, құрыққа көнбегенге сырық бар... Оң құлағыңмен естіп ал, осы қазір елді жауып жіберіп байлатамын!!! – деді қатты шамырқанып» [7, 55-б.]. Би-шешендерден қалған ел аузындағы дайын сөз үлгісі мен мақал-мәтелдер, көркем де күрделі иірімдер бұл шығармада жаңа бір қырынан жарқырай көрініп, автордың дйттеген көркемдік идеясын ашуда қосымша қызметтер атқарып тұр.

Шешендік сөздердің прозадағы көрінісін сипаттауда мына мәселеге назар аудару қажет. Ең алдымен, бұл жеке автордың шығармашылығы нәтижесінде дүниеге келетін туынды. Бір қарағанда, мұндағы кейіпкер

аузынан шығар сөздің мәтінін автор қалай өзгертемін десе де ерікті, қалауынша түрлендіре алады. Дей тұрғанмен, әдеби шығармаларға шешендік сөздер ерекше қажеттіліктерден қолданылады. Ол нендей қажеттілік болуы мүмкін? Біріншіден, өмірдегі шындық секілді, әдеби шығарманың да өз логикалық заңдылықтарынан туындайтын көркем шындығы болады, соған сәйкес туындының композициясы, оқиға желісі белгілі бір ақылға қонымды қисынға құрылады. Бұл үрдіс, әсіресе шындықтан алшақ кетпеуді көздейтін тарихи романдарда қатаң сақталады. Сонымен қатар өмірде болған тарихи тұлғаны, оқиғаны көркем прозада тірілтуде авторды қанша ерікті дегенімізбен, суреттеу барысында ол болған жағдайдан, ел жадында орныққан шындықтан алысқа ұзай алмайды. Кейіпкердің аузына оның прототиптік табиғатынан туындайтын, өзінен шығуы мүмкін сөзді салуға автор мәжбүр болады.

Тарихи тақырыпқа арналған прозадағы көркем шындықты тірілтудің басты құралы ретінде қаламгерлер айтулы тарихи тұлғалардың, хан-батырлардың, би-шешендердің халық жадындағы образдарына жиі жүгінеді, сол арқылы олардың ауызекі сөйлеу машығын, баяндау тәсілдерін жиі пайдаланады. Ауызекі сөйлеудің санғасырлық дәстүрі нәтижесінде көпшілік алдында ой айтып, сөз саптаудың шыңына шыққан ділмарлар пайда болды. Осындай тұлғаларды, олардың бейнелі шешендік сөз үлгілерін жиі және шебер қолданылатын М. Әуезовтің «Абай жолы», С. Мұқановтың «Аққан жұлдыз», «Балуан Шолақ», Ғ. Мүсіреповтің «Оянған өлке», «Ұлпан», Ғ. Мұстафиннің «Шығанақ», «Миллионер», І. Есенберлиннің «Көшпенділер», З. Ақышевтің «Шынардың шыбығы», Ә. Кекілбайдың «Елең-алаң», «Үркер», М. Мағауиннің «Аласапыран», Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең», С. Сматаевтың «Елім-ай», Ә. Сарайдың «Еділ-Жайық», Ұ. Доспанбетовтің «Қызыл жолбарыс», «Абылайдың ақ туы» сынды романдарын атауға болады.

Тарихи шығарманың құндылығы да оның суреттелетін кезеңдегі уақыт демін бере алуына, шынайы болмысқа қатысына қарай бағаланатыны түсінікті. Жоғарыдағы шығармаларда Шыңғыс хан, Керей, Жәнібек, Тәуке, Жәңгір, Абылай, Әбілхайыр хандармен бірге Қобланды, Қабанбай, Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Райымбек, Есет сынды атақты батырлардың, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ескелді, Балпық, Сырым билердің, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраулардың көркем бейнелері сомдалады. Ораз-Мұхаммед, Шоқан, Абай, Балуан Шолақ, Иманжүсіп, Нартайлардың романдарға енген сөздері көзімен көргендердің жадында, ол туралы естеліктерде, еңбектерде қатталған тарихи деректер болатын. Ал шығармадағы көркем шындықты тірілту, нанымды сюжеттік-композициялық желіні түзу барысында жазушы сол замандағы әдеби ескерткіштерге, зерттеулерге жүгінуге, қал-қадерінше орын алған оқиғаларды тірілтуге мәжбүр. Сол себепті автор кейіпкерлерінің

аузына олардың өмірдегі болмысына, заманына сай келетін, атқарған қызметіне байланысты сөз салуға міндетті. Романда би-шешендер сипатталса, кейіпкердің сөздері де сол тұлғалардың бойына лайықты, сөздерін өзгелер қайталай алмастай көркем де қисынды болуы шарт. Ғ. Мүсіреповтің «Ұлпан» романынан мына бір үзіндіге зер салалық: «Сөз жалғанысы үзіле бастағанын сезіне қалған Тілеуімбет би сөйлеп кетті. Сөзшең адам екен. Орағытып-оспақтап, мақалдап, мәтелдеп, шырғалап келіп, аяғында шамданып, күш көрсетіп қалды.

– Қазақ-қазақ болғалы,  
Өз алдына ел болып,  
Оңаша бір қонғалы,  
Хандығынан айрылса,  
Ел болудан қалғаны.  
Қара саба тай жүзген,  
Бұхардан келген тай қазан,  
Бәрі адыра болғаны.  
Қара нанға құл болып,  
Ханына тіл тигізген,  
Мейлі би, мейлі құл болсын,  
Тартатын бір сазайын,  
Көрген емен оңғанын!

Тілеуімбет осылай айбар шегіп тоқтады» [8, 16-б.].

Осындай көпшілікке әсері айрықша қисынды сөздің түп-тамыры елдің аузында, халықтың жадында сақталып келген шығармаларда жатқанын, би-шешендер соны жаңғырта, жаңарта пайдаланып, көптің көңілінен шығып отыратынын автор жақсы біледі. Өзінің сол мұраны пайдалануын келесі бір жолдар арқылы айқындай түседі: «Айыр көмей, жез таңдай» атанған би мақал-мәтелдерімен жұртты ұйытып әкетіп еді. Бес болыс Керей-Уақтың арасына үлкен толқу кіріп, ойдан гөрі сөз шешендігіне бастарын шұлғи бастаған-ды. Ол шешендік бидің өз сөзі емес, өңін айналдырып алып танытпай отырған ел қазынасы екенін қараңғы жұрт аңдай алмай қалған» [8, 17-б.]. Бұл тұста қаламгер романның идеялық мазмұнын, Кенесары қозғалысына қатысты өз көзқарасын көрсету мақсатында осындай түсіндірме жазуға мәжбүр болғаны аңғарылады. Әйтсе де Тілеуімбет бидің шешендігін атап өтпеу, суреттемеу тарихи һәм көркем шындыққа да қиянат боларын автор жете сезініп отыр. Сондағы сүйеніп жүгінгені тағы да сол билердің өз сөздері болып отыр.

Қазақ әдебиетіндегі ауқымды тарихи прозалық туындылардың бірі – С. Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясы. Кең тынысты, қазақ халқының тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталған аса бір ауыр кезенді суреттейтін бұл көлемді романда Тәуке, Жәңгір, Абылай, Әбілхайыр

хандармен бірге Қабанбай, Бөгенбай, Аралбай, Керней Түйте, Олжабай, Шақшақ Жәнібек, Жомарт, Бөрте, Бөкей, Райымбек, Саңырақ, Мандай, Сары, Есет т.б. атақты батырлардың, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Ошаған, Қарабек билердің, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жыраулардың қатысуымен тұтастай бір дәуірдің көркем бейнесі сомдалады. Бұл Қазақ хандығындағы билер институтының барынша дамыған, шешендік өнердің шырқау шегіне жеткен айрықша бір кезең болатын. Есімдері көпшілікке белгілі, тарихи деректер мен аңыздарда сөздері сақталған тұлғаларды суреттеуде автор тағы да халық шығармашылығына, ел аузындағы шешендік шиырларға жүгінеді. Романдағы Қаздауысты Қазыбектің ел алдында толғаған саясат шешен сөзі мынадай үлгіде беріледі:

«Жаксылар мен жайсаңдар! Бүгіп айтпай, ұғып айтар төбе билік жасайын деп тұрмын. Атыма сын, әділетіме баға болар. Біріңе бұра тартып, біріңе кінә артып та кете алмаймын. Көп тілегі ол емес. Сол көптің бетке ұстары сендердің көңілдерің де оны қаламайды. Тізеге салып июге де болады. Түзетуің қиындайды онда. Зар үні запыран төккенде бұрылмай кетсек, тілек сөзін тыңдағанымыз қане? Мына сырдың астарын ұқтыңдар ма? Ұқсаңдар, қалай барладыңдар? Ұрпаққа өнеге болар деп барладыңдар ма? Ендеше, осы сынның асуы қандай? Артына мін тастамай, сын тастардай ма сол? – деп тағы да аз кідіріп ойын екшеді. – Іргеңнен шаң бұрқырап тұрғанда, арманды ағайын, ауылыңнан лаң шыққаны қабырғаны қайыстырып барады. Өз қолыңмен өз қоныңды кескілепсің. Өз ішіңнің қынжылғанын көремісің? Дауға – дауа, жараға – дәру табайық» [9, 51-б.]. Бұл үзіндідегі Қазыбек би бейнесі мен оның сөздері жазушы С. Сматаев қиялының жемісі десек те, автор өзі зерттеп-зерделеген тарихи кейіпкерінің аузына сол ортаның қажеттілігінен туындаған, айтылуы мүмкін заманына лайық сөздерді салып отыр. Романдағы Бұқар, Ақтамберді, Үмбетей секілді атақты жыраулардың көпшілік ортасындағы толғау сөздері туралы да соны айтуға болар еді. Көлемді, көп желілі прозалық шығармаларда тұтас бір кезең өкілдерін, тарихи тұлғаларды бейнелеуде қаламгерлер ішінара өңдеумен сол заман әдебиеті мен ауызша деректерде сақталған тілдік қолданыстарды еркін әрі мольнан пайдаланады. Соның ішінде ауыз әдебиеті үлгісі ретінде ел аузынан жинақталған шешендік сөздер де бар.

I. Есенберлиннің «Көшпенділер» романында да осы үрдіс байқалады. Көлемді тарихи трилогияның басты кейіпкерлері де Қазақ хандығының бастауында тұрған тарихи тұлғалар. Есімдері елге мәлім Асан қайғыны төбе би еткен Қазтуған мен Қотан жыраулардың арасындағы өтетін сөз сайысын автор былайша сипаттайды: «Қыпшақ – қыран болса егер, Арғын – аққу, көл көркі... Сойылдан гөрі қолына домбыра алуды паш санар. Ұран салып, жау іздегеннен, ән шырқап жар сүйгенді ұнатар. Одан артық, әлеумет, айтшы

қандай арман бар!? Ел айыраp ұрыстан, бейбітшілік, елдікті мұрат еткен бұл Арғын. Өн мен күйге орда боп қуантсам жұртты дейді бұл Арғын. Батыс түгіл, Қызылбас, Үндіге де Қыпшақ талай аттанған. Арғын одан аз емес, ерлігі бірақ өзгеше... Арғы бабам Басым елі түркі тілдес жұртпенен тізе қосып, кептеле ту тігіп үш жүз жыл Таңменен алысқан. Анау асқар тауынды, мынау шалқар көлінді сол қасыңа бермеген. Кілегей бұлттай жау төнсе, сонда ғана бұл Арғын алдаспанын сермеген. Асан қайғы, аға ұлы, ендігісін өзің шеш. Ел болайық деген жұртымды адастың десең өзің айт. Кең болайық деген жұртынды қателестің десең өзің айт» [10, 62-б.]. Бұл тұста да авторлық өңдеуден өткен көне замандардың сөз саптау машығын анық аңғаруға болады. Тарихи тұлғалардың аузына өздеріне лайық сөз салуға автор мүдделі болған да, сол міндетті шешендік сөз мақамымен беріп отырған.

Авторлық туындыға халық жүрегінен айрықша орын алған, есімдері елге таныс тұлғалар мен айтулы оқиғалар желісін арқау ету бар да, оның артындағы үлкен жауапкершіліктің, оқырман тарапынан болуы мүмкін сауалдардың үдесінен шыға білу бар. Себебі шығармада көптің санасына орныққан айтулы тұлға бейнесі мен тарихи оқиғалардан шығандап алшақ кету – өткен дәуірдің қасиетті елесін, шынайы тарихын орынсыз бұрмалаумен, жоққа шығарумен пара-пар болар еді. Сондықтан да тарихи тақырыпқа қалам тербейтін жазушы төл тақырыбын бүге-шігесіне дейін түгел білуге, мұқият зерттеуге, белгілі бір тарихи ұстанымдарды сақтап отыруға міндетті. Көркем шығармада тарихи тақырыпты қалпына келтірудегі жазушының шектен тыс жанкештілігі жайдан-жай емес, тарихи романның құндылығы да осындай жүйелі ізденістердің нәтижесі болмақ.

### **Қорытынды**

Прозалық шығармаларда шешендік сөз үлгілері мен риторикалық қолданыстар бірнеше сипатта кездеседі. Солардың ішінде мынадай айқын белгілерді атап өткен орынды: 1) Авторлық баяндауда шешендік сөздердің өлшем бірліктерін, мақамын, сөз ырғағын пайдалану; 2) Ел аузындағы шешендік сөз нұсқаларын, дайын формаларды, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді шығармаға сол күйінде өзгеріссіз енгізу; 3) Тарихта болған белгілі ел ақсақалдарының, би-шешендердің образдарын пайдалану.

Сонымен, прозалық әдебиетте қазақ шешендік дәстүрі мен риторикалық элементтерді қолданудың түрлі сипатта жүзеге асқанын көреміз. Қаламгерлер прозалық туындыларда ауызекі сөйлеу дәстүрінің мақамын, ырғағын, метрикалық ритмін қолдана білді. Тарихи тақырыпқа қалам тартқан жазушылар тарихтағы атақты би-шешендердің образдарын сәтті пайдаланып, кейде көркемдік мақсатқа сай шешендік сөз үлгілері мен дайын риторикалық фигураларды, қанатты сөздерді әдеби шығармаға өзгеріссіз енгізген тұстары да кездеседі. Әрине, бұрын-соңды арнайы зерттелмеген бұл

тақырыптың болашақта нәзік жерлерінің қайта қаралып, кейбір тұстарының толықтырылуы қажет-ақ.

### Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Кузнецов, И. Н.** Риторика. – М. : «Дашков и К», 2007. – 572 с.
- 2 **Қасқабасов, С.** Алтын жылға. – Алматы : «Жібек жолы», 2010. – 576-б.
- 3 **Адамбаев, Б.** Ұстаз. // «Әуезов үйі» ГМО қолжазба қоры. Папкі N240. – 230-б.
- 4 **Аймауытов, Ж.** Ақбілек. – Алматы : «Атамұра», 2003. – 300-б.
- 5 **Жанпейісов, Е.** Қазақ прозасының тілі. – Алматы : Ғылым, 1968. – 196-б.
- 6 **Сарбалаев, Б.** Көккесене. – Алматы : «Арна-б», 2017. – 474-б.
- 7 **Ахмади, Ж.** Құн // Жұлдыз. – №10. – 2014. – 55-б.
- 8 **Мүсірепов, Ғ.** Ұлпан. – Алматы : Раритет, 2006. – 256-б.
- 9 **Сматаев, С.** Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы : «Ел-Шежіре», 2008. – 428-б.
- 10 **Есенберлин, И.** Көшпенділер. Тарихи трилогия. Бірінші кітап. – Алматы : «Жазушы», 1976. – 312-б.

### References

- 1 **Kuznetsov, I. N.** Ritorika [Rhetoric]. – Moscow : «Dashkov and K», 2007. – 572 p.
- 2 **Kaskabasov, S.** Altyn jylğa [Golden Year]. – Almaty : «Zhibek Zholy», 2010. – 576 p.
- 3 **Adambayev, B.** Ustaz [Teacher] // Manuscript fund of the NSO «Auezov House». – Folder N240. – 230 p.
- 4 **Aimauytov, Zh.** Aqbilek [Akbilek]. – Almaty : «Atamura», 2003. – 300 p.
- 5 **Zhanpeisov, E.** Qazaq prozasynyñ tili [The language of Kazakh prose]. – Almaty : Science, 1968. – 196 p.
- 6 **Sarbalaev B.** Kokkesene [Bluehouse]. – Almaty : «Arna-b», 2017. – 474 p.
- 7 **Ahmedi, J.** Qun [Value] // Star. – N. 10. – 2014. – 55 p.
- 8 **Musrepov, G.** Ulpan [Ulpan]. – Almaty : «Rarity», 2006. – 256 p.
- 9 **Smataev, S.** Kóp tomdyq shyğarmalar jinağy [Collection of multi-volume works]. – Vol. 5. – Almaty : «El-Shezhire», 2008. – 428 p.
- 10 **Yesenberlin, I.** Kóshpendiler. Tarihi trilogia. Birinshi kitap [Nomads. Historical trilogy. The first book]. – Almaty : «Writer», 1976. – 312 p.

29.04.24 ж. баспаға түсті.

30.04.24 ж. түзетулерімен түсті.

03.06.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

\*К. Т. Жанузакова<sup>1</sup>, М. К. Ахетов<sup>2</sup>, Ж. Байбатшаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасының  
Әлеуметтік педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы;

<sup>2</sup>Институт литературы и  
искусства имени М. О. Ауэзова,  
Қазақстан Республикасы, Алматы  
Поступило в редакцию 29.04.24.  
Поступило с исправлениями 30.04.24.  
Принято в печать 03.06.24.

## ОБРАЗЦЫ ОРАТОРСКОГО ИСКУССТВА В КАЗАХСКОЙ ПРОЗЕ

*Образцы ораторского искусства наряду с жанром фольклора успешно использовались в казахской прозе XX века в соответствии с художественными целями писателя. В статье рассматривается художественная функция ораторских слов в прозаических произведениях и исторических романах. В статье делается вывод о том, что особенности использования ораторского искусства обусловлены его природой, национальной спецификой. Рассматриваются функции образцов ораторского искусства в произведениях Ж. Аймаутова «Вина Кунекей», Г. Мусрепова «Ултан», И. Есенберлина «Кочевники», С. Сматаева «Елим-Ай», Ж. Ахмади «Плата» и др.*

*Также предполагается, что писатели в литературных произведениях без изменений используют наследие ораторов, крылатые слова, фразы, пословицы и поговорки в готовом виде. Они используются с целью преодоления различных художественных, исторических, творческих требований. В исторических романах часто наблюдается тенденция к возрождению образов известных деятелей, ханов, ораторов, прочно укоренившихся в сознании народа, широко известных в устах народа. Для этого сюжетные линии, связанные с историческими личностями, осваиваются авторами в соответствии с художественными требованиями произведения. В статье делается вывод об использовании в авторском повествовании образцов ораторских слов, ритма речи, использовании вариантов ораторского искусства, готовых форм, крылатых слов и пословиц*

*в произведении без изменений и с целью использования образов известных в истории старейшин страны, бии-ораторов.*

*Ключевые слова: ораторское искусство, исторические романы, устные традиции, бии-ораторы, ритм.*

\*К. Т. Zhanuzakova<sup>1</sup>, М.А. Ahetov<sup>2</sup>, Zh.A. Baibatzaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Teacher Training University,  
Republic of Kazakhstan, Almaty;

<sup>2</sup>М. О. Auezov

Institute of Literature and Art,  
Republic of Kazakhstan, Almaty.

Received 29.04.24.

Received in revised form 30.04.24.

Accepted for publication 03.06.24.

## EXAMPLES OF PUBLIC SPEAKING IN KAZAKH PROSE

*Samples of oratory, along with the genre of folklore, were successfully used in Kazakh prose of the twentieth century, in accordance with the artistic goals of the writer. The article examines the artistic function of oratorical words in prose works and historical novels. The article concludes that the peculiarities of the use of oratory are due to its nature and national specifics. The functions of samples of oratory in the works of J. Aimautov «Kunekey's guilt», G. Musrepov «Ulpan», I. Esenberlin «Nomads», S. Smataev «Elim-Ai», J. Ahmadi «Fee» and others.*

*It is also assumed that writers in literary works use the legacy of speakers, winged words, phrases, proverbs and sayings in a ready-made form without changes. They are used to overcome various artistic, historical, and creative requirements. In historical novels, there is often a tendency to revive images of famous figures, khans, heroes, orators, firmly rooted in the minds of the people, widely known in the mouths of the people. To do this, the plots of folk memory, the storylines associated with historical figures, are mastered by the authors in accordance with the artistic requirements of the work. The article concludes about the use of samples of oratorical words, the rhythm of speech in the author's narrative, the use of variants of oratory, ready-made forms, winged words and proverbs in the work without changes and in order to use images of the country's famous elders in history, bii-speakers.*

*Keywords: oratory, historical novels, oral traditions, bii-speakers, rhythm.*



Теруге 03.06.2024 ж. жіберілді. Басуға 28.06.2024 ж. қол қойылды.

Электронды басылым

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 27,16. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, Нугманова М. М.

Тапсырыс № 4242

Сдано в набор 03.06.2024 г. Подписано в печать 28.06.2024 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 27,16. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: З. Ж. Шокубаева

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4242

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)